

БРИТАНИЯ ХАЛҚЫ ДӘСТҮРЛЕРІ

ҚТӘ-21 тобы

Байдуйсенова Күнбала

- Англия- көп ғасырлар бойы сақталған ескі, таңғаларлық және қызықты дәстүрлерге бай ел. Англия Ұлыбританияның 83%-ын құрайды. Англияның астанасы - Лондон қаласы.
- Ағылшындықтар өздерінің ағылшын тілінде таза сөйлейтіндерін мақтан тұтады. Кейде өздерін шала ағылшынша сөйлейтін американдықтармен салыстырады. Ағылшындықтар үшін ағылшын тілі- қоғамдық ортада адамдармен қарым-қатынастарда өз пікірін ашық айту тәсілі.
- Ағылшындықтар салты бойынша қарым-қатынас жасап отырған адамның ойын бөлмеу, сөйлесіп отырған адам сөзіне құрметпен қарау керек. Ағылшындықтардан "мүмкін", "маған солай секілді", "мен ойлаймын..." деген сөздерді сөйлесу барысында жиі естиміз. Бұл - сыпайылықтың белгісі.
- Ағылшындықтар адамдарды жасының үлкендігіне қарап құрметтеп қана қоймайды. Сонымен бірге адамдардың сезімінің жоғарылығына қарап құрметтейді. Ағылшындар бірін- бірі ұнатып жатса некелесуге асықпай-ақ жай ғана бірге өмір сүріп көреді. Егер осы аралықта бірін- бірі жете танып, түсінісіп жатса некелерін уақыты келгенде қидырады. Ал түсініспеушіліктер болып жатса екіге бөлініп кете береді. Мұның нәтижесі ажырасып кетуден, сәтсіз отбасы атамнудан сақтанатындығы екен.

• Желтоқсан айының 24-күнінің 25-іне қараған түні Рождества Христова түнін тойлайды. Рождества Христова- христиандық маңызды мерекелердің бір түрі және 145 ел жыл сайын тойлайтын ерекше мереке. Желтоқсан айының 26-сы күні- әулие Стефанды еске алу күні. Желтоқсан айының 27-сі күні- Иоанна Богослованы еске алу күні. 28- желтоқсан Вифлемскті еске алу күні(Бұл күні әулие бүлдіршіндерге ерекше ықыласы ауады) . 29 және 30 желтоқсан күндері Иисусты, Марияны, Иосифты еске алады екен. Рождества күні (31 желтоқсан күні) сағат тілі 12-ге жақындағанда үй қожайыны есікті ашып тұрады. Сағат тілі 12-ге жеткенше есікті ашып Жаңа жылды күтеді. Бұл ескі жылды шығарып салғанның, Жаңа жылды қарсы алғанның белгісі екен. 1 қаңтар күні Рождестваны тойлау аяқталады.



- Ағылшындықтар шай ішуді, әсіресе сүт қосып ішкенді жақсы көреді. Ағылшындықтар үшін шай ішу "тек қана ішіп алып, жұмысқа жүгіру" емес. Оларда шайды ерекше ниетпен ішу ертеректен бері бар. Шайды ішіп отырып армандарын, болған жақсы жәйттарды еске алып, ерекше көңілмен ішеді екен. Ағылшындарда тіпті шай ішу дәстүр болып табылады.
- Бұл жақта үнді шайы мен қытайдың ұсақ дәрежедегі шайы көп қолданылады. Ал өздерінен шығатын өте ерекше аралас шайды жолға шыққанда, таза ауаға, серуенге шыққанда өздерімен алып шығады. Шайды таңғы аста, жұмыста, үйге келген кезде ішеді, бірақ кешкі астан кейін шай ішуге болмайды.



Хеллоуин(өте қорқынышты)- ағылшындардың балаларға арнап жасалатын мейрамы. Хеллоуин -қазан айының соңғы күні өткізілетін Валентин күні. АҚШ-та Рождестводан кейінгі тұрған, халық жаппай тойлайтын мереке. Көп жылдар бойы Ирландия мен Шотландия дін қызметкерлері осы мерекені тойлатқан. XIXғасырда Ирландия мен Шотландия имигранттары бұл мерекені Америкаға әкелді. Мерекенің басты белгісі- мұрны, көзі, аузы ойылған асқабақ. Бұл мереке түнде өткізіледі, себебі американдықтардың ойынша сол түні шайтандар мен перілер келеді деп сенген. Қорыққандықтан өздері де әртүрлі киімдерге киініп, бет-ауыздарын бояп, перілер мен шайтандарды алдап соғуға тырысады. Алғашында бұл мереке балалар арасында өткізілетін. Уақыт өте үлкендерде мерекеге қызығып қатыса бастады. Мысалы :Нью-Йорк те үлкен-кішісі көшеде өткізілетін парадтарға қатысады.Барлығы жын-перілер, мыстандар, сиқыршылардың киімін киіп қолдарына асқабақ ұстайды. Және бұл парад таң атанға дейін жалғасады. Америкада бұл күнге таяу уақыттары конфеттер және де корнавальдық киімдер сатылымға шығады, мұндағы ең көп тұтынушы европалық отбасылар болып табылады.



- Ағылшындықтарда тағы бір қызықты мынандай салт-дәстүр бар. Тойға келіннің 10 құрбысы мен күйеу жігіттің 10 құрдасы міндетті түрде күйеу жігіт пен қалыңдық киімін киіп шығады. Яғни ағылшындықтардың діни- сенімі бойынша, жаман ниетті жын шайтан 10 жұп ішінен нағыз күйеу жігіт пен қалыңдықты таба алмайды және өз жаман ниетін жүзеге асыра алмайды екен. XVII ғасырда тойларда қалыңдық әртүрлі түстердегі киімді киетін болған. Ал Англия ханшайымы Виктория алғаш рет тойға ақ көйлек киген. Содан бастап ақ көйлек кию дәстүрлі түрде жалғасқан. Ақ көйлек пәктікті, тазалықты білдіреді.



- Англия ұлттық дәстүрге, әсіресе ұлттық киімдерге бай ел. Ағылшындардың ең танымал киімі- ауылдық жерлерде жаз мезгілінде билейтін моррис атты би киімі. Бұл киімді тігудің кейбір ерекшеліктер бар. Негізінен бұл би жерге қатысты магиялық белгімен байланысты.

- <https://www.youtube.com/watch?v=ctYuGYwTqZg>



